

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе қаласы білім бөлімінің
мемлекеттік мекемесі, №76 жалпы орта білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау
қорытындысы**

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес 2025 жылғы 10.06-20.06 аралығында «№76 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзін-өзі бағалау жүргізді.

Өзін-өзі бағалау 2025 жылғы 10 маусымдағы № 116 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау комиссиясымен (бұдан әрі-комиссия) келесі құрамда өткізілді:

1. Бегжанов Орынбасар Избасарович – мектеп директоры, комиссия төрағасы;
2. Аблаева Анаргүль Базарбаевна - директорының орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Жұбаниязова Іңкәр Мерекеқызы - директорының орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Жетруова Гульжан Кусмановна - директорының орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Карагулова Зейнет Жаксылыковна – кәсіподақ ұйымының төрайымы

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына өзін-өзі бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері басшылыққа ала отырып, қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау оның ішінде білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау

Өзін-өзі бағалауда басшылыққа алынған негіздемелер:

- Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы №14 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығы;

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы сипаттама.

1)	Білім беру ұйымының толық атауы. 2019 жылғы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 9 қыркүйектегі № 4164 қаулысы негізінде «Ақтөбе қаласының білім бөлім» мемлекеттік мекемесінің «№76 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып құрылды.
2)	Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы). Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Бекқұл баба тұрғын үй алабы, 79 құрылысы, почталық индекс 030000
3)	Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт). Телефон: 8(7132)70-03-53, электронды пошта – 76_school@mail.kz. сайты 76ossh.edu.kz
4)	занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі). Мектеп директоры Бегжанов Орынбасар Избасарович, ұялы телефоны: 87015642298,

	Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 28 сәуірдегі 2020 жыл №74 бұйрығымен тағайындалды.
5)	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі). Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2019 жылғы 13 желтоқсанда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 26.05.1997 жыл, БСН-970540000761. Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысының әкімдігі» мемлекеттік мекемесі. Мекеме жарғысы Ақтөбе облысының әкімдігінің 09.12.2020 жылғы №448 қаулысымен бекітілген.
6)	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 18.11.2020 жылы №KZ82RVK00025298 берілген. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 15.01.2020 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ64LAA00017673 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

- 1) **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі.**

Талдау нәтижелері: Құжаттарды зерделеу барысында мектепалды даярлық сыныбында аптасына 5 күндік жұмыс жасайтынын барлығы 2 сынып жинақталды, тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік тілде жүргізілетінін көрсетті. 2024-2025 оқу жылында 2 мектепалды даярлық сыныбы болды..

Мектептің өткен оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» (бұдан әрі-ҮОЖ) негізделіп құрылған және бекітілген.

2024-2025 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары оқу жүктемесінің сағат сандарында ауытқушылық анықталмады. Ұйымдастырылған оқу іс -әрекеттерінің кестесі жасалып бекітілген. Осы аталған оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары талапқа сай құрылған. Мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, айырмашылықтар жоқ. Осыған орай оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жылында МЖМБС мен ҮОЖ басшылыққа ала отырып құрылғаны және бекітілгені анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыз - дағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 –тарауының 4 тармағының 3- тармақ

шасының талаптарына сәйкес келеді.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

-оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

-қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

-тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

-мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

-тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындық;

-креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

-«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-

-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша.

Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылындағы құжаттарды зерделеу барысында мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды.

Осы міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдануда. Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде мектепалды даярлық сыныбының мұғалімдері стандартқа сай құрастырылған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырылған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған.

Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің перспективалық

жоспарларын зерделеу оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтер ойын арқылы оқыту,білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын ішінара ұстанатынын көрсетті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау,педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік күндеріне» қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған.

Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында әртүрлі топтағы балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылады. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген. Циклограммалар перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылған: балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған оқу қызметі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етіп құрылған.

Сонымен қатар,2024-2025 оқу жылдарына ұйымдастырылған оқу қызметінің кестедегі барлық ҰІӨ атаулары, апталық сағат сандары оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

"Біртұтас тәрбие " бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша анықталғаны: мектептің жұмыс жоспарында «Тіл туралы» ҚР Заңының орындалуы жоспарланған,балаларды тәрбиелеумен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құрылған,талапқа сай жасақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 – тарауының 4-тармағының 4- тармақшасының талаптарына сәйкес келеді.

- 3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру;

Талдау нәтижелері: Аталған өлшеуіштер бойынша зерделеу барысында мектепте баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды.Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері,пішіндер, кестелер. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Мектеп ғимараты 2 қабатты, мектепалды даярлық сыныбына арнайы кабинеттер бар. Мектепалды даярлық сыныбы жиһаздармен жабдықталған. Мектептегі заттық-дамытушы орта баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етеді. Дамытушы ортаны жетілдіру қажет.

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру 1.2 бөлімі бойынша бағасы zhaqsy интернет жылдамдығы 10 Мбс/с –тан астам.

ҚОРЫТЫНДЫ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3

тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығына 1-қосымшасының 3 тарауы 22 тармағы «Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады» талабына *сәйкес келеді*.

4) **МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы.**

Талдау нәтижелері: Аталған өлшеуіштер бойынша зерделеу келесі көрсеткіштерді анықтады: 2024-2025 оқу жылында 2 педагог жұмыс атқарады. 1-еуі жоғары білімді, 1-еуі орта арнаулы білімді.

Санатына қарай педагог -модератор -2 тәрбиеші.

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Білімі		Санаты						
		Жоғары білімді	Арнаулы білімді	жоғары	I	II	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санатсыз
2024-2025 оқу жылы	2	1	1	0	0	0	0	0	2	0

Осылайша, жалпы педагогтердің диплом бойынша мектепалды даярлық сыныптарында атқарып жүрген қызметтеріне сай келеді.

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы 1.1 бөлімі бойынша бағасы мектепалды даярлық сыныбының өлшеуіштерге сәйкес.

ҚОРЫТЫНДЫ: Бұдан Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті 1-қосымша 2-тарау, 6-тармағына сәйкес келеді.

5) **Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау.** Мектепте мектепалды даярлау сыныбында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар жоқ.

6) **Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын көрсеткіштер ретінде оқыту нәтижелері.**

Талдау нәтижелері: Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелеріне бақылау жүргізілген. Топтағы әрбір бала бойынша 5 білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетіліп, диагностиканың нәтижелері шығарылған. 2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларының мониторингісі мектепалды даярлық топтар бойынша балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы нәтижесі нақты айқындалған. Білім беру ұйымында балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы бағаланған.

ҚОРЫТЫНДЫ Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымша 2-тарау, 6-тармаққа *сәйкес келеді*.

3.	Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар
7)	Зияткерлік ойындарға, шығармашылық конкурстарға, байқауларға қатысу нәтижелері. Талдау нәтижелері: Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған. Жұмыс оқу жоспары жасалып білім беру салалары көрсетіліп, ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген. Осыған орай сабақ кестелері жасалған. Перспективалық жоспардағы өтпелі тақырыптар көрсетілген. 2022-2025 оқу жылындағы циклограммалары перспективалық жоспарларымен сәйкес келеді. Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өтпелі тақырыптарды жан-жақты ашу мақсатында циклограмма құрылған. Балалардың өз бетінше шешім қабылдап, топпен жұмыс жасау, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берілген. Педагогтар бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін мониторинг арқылы жүзеге асырады. Мектепалды даярлық тобын зерделеу кезеңіндегі зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысып жақсы нәтиже көрсеткен. «Күз кереметі» бейнелеу өнері жанры бойынша, «Қыс қызығы» байқауында дипломмен марапатталған. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес Зияткерлік, Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері 1.3, 1.4 бөлімі бойынша «қанағаттанарлық» деп бағаланды. Ұсыныс: тәрбиеленушілердің шығармашылығын дамыту, зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатыстыруды арттыруды жалғастыру;
ҚОРЫТЫНДЫ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығына 1-қосымшасының 3 тарауы 22 тармағы «Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады» талабына <i>сәйкес келеді.</i>	
8)	«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру. Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылындағы мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалған. Бақылау парағы жасалған. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балардың деңгейі көрсетілген. 2024-2025-оқу жылындағы баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының көрсеткіші 100% пайыз болғаны анықталды.
ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығына 1- қосымша 2- тарау 7-тармағы және 4- тарау 16, 17-тармақтарына сәйкес келеді.	
2.	Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:
1)	МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы

	Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылдары бойынша жұмыс оқу жоспары зерделенді. 2022-2023 оқу жылдарына арналған жұмыс оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығын негізге алып жасалынған. Мектепалды даярлау сыныбына арнап құрылған жұмыс оқу жоспарларының сағат сандары үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптары орындалған. 2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптары үшін вариативтік компонент қарастырылмаған. Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлу, мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлу жұмыстары негізінде жүзеге асырылған. ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1-қосымшасының 3 тарауы 22 тармағы «Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады» талабына сәйкес келеді.
3.	Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:
1)	Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау; Талдау нәтижелері: мектепалды даярлық тәрбиеленушілер контингентінің бойынша 33 тәрбиеленуші оқыған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 4 тарауының 25 тармағында «Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталған. Талапқа сәйкес тәрбиеленушілер тізімі бекітілген. тәрбиеленуші жас топтарының күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып талапқа сәйкес жасақталған. Балалар білім беру ұйымына 5-6 жастан бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді. 2024-2025 оқу жылында 37 бала 2 топ. ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 4 тарауының 25 тармағы талабына сәйкес келеді.
2)	Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау; Талдау нәтижелері: Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 4 тарауының 26 тармағы талабына сәйкес.

4. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) Талдау нәтижелері:

2024-2025 оқу жылдары бойынша 1-4 кластар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 1,2 қосымшасы, 5-9 кластар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6,7 қосымшасы, 10-11 кластар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер енгізу туралы бұйрығының 86-қосымшасы, ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 39-қосымшасымен жұмыс оқу жоспары жасалған. 1-11-сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жұмыс оқу жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндерден берілген. 2024-2025 оқу жылының сабақ кестелері жасалып, білім беру ұйымының басшысымен бекітілген. «bilimclass» электрондық журналының негізгі кестесі немесе ҚББ бөлімінің кестесіне салынған. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған, мектептің материалдық-техникалық базасы ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 29-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 41-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 31-тармақтарға сәйкес келеді.

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.

Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан

әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндерден берілген. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 10 -11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған,жүктеме беріліп, бекітілген. 2024-2025 оқу жылдарының сабақ кестелері жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған.. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 29-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 41-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 31-тармақтарға сәйкес келеді..

- 3) **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.**

Талдау нәтижелері:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игерілуі барысы «bilimclass» электронды журналында толтырылуы бойынша қаралды.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларстандарт талаптары негізінде әзірленетін оқу пәндерінің оқу бағдарламаларымен сәйкес келеді.

Үлгілік оқу жоспарлары сәйкес 2024-2025 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, мектеп директорымен бекітілген. 2024-2025 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 33 сынып жинағы бекітілген. Инвариантты компонент пәндері оқу бағдарламаларын базалық мазмұны"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген. Пәндер бойынша оқу бағдаламаларында оқу пәнінің мазмұны, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекетінің түрлері қамтылған. Оқу жылына арналған ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінген, Оқу бағдарламаларының мазмұны

пәндер бойынша негізгі дағдыны үйренуге бағытталып жасалған. Талдау, бағалау және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін түрлі тапсырмалар пәнге сәйкес көрсетілген. Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары нақтыланып, оқыту мақсаттарының реті айқындалған. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған. Практикалық және зертханалық жұмыстар талдауға, жинақтауға, бағалауға, болжауға, есептеуге, түсіндіруге, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтауға, жобалық тапсырмалар орындауға, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Оқу жылы ішінде бағдарламаларында анықталған бөлімдерді оқытудың бірізділігі сақталып, үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес білім беру жүзеге асырылған.. Білім беру ұйымының оқу пәндерінің базалық мазмұны жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық оқушылар игергендігі анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 6,7-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 18,19-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 15,18-тармаққа сәйкес келеді.

- 3) **Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.**

Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» асында жұмыс жасады.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық

пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын

болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру; біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Өз мектебімдегі тәрбие бағытындағы жұмыстарға талдау жасайтын болсам, төмендегідей мәліметтерді келтірер едім.

SWOT Талдау: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру

Күшті жақтары (Strengths):

1. Құндылыққа негізделіп беріліп жатқан білім мен тәрбие оқушылардың бойында азаматтық сана мен Отан алдындағы жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

2024-2025 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылып, жүзеге асырылды.

Жаңартылған жоспарға сәйкес, барлық педагогтар ұлттық кодты оқушылар бойына сіңіре отырып, бағдарлама құндылықтарын сабақ мазмұнына үйлесімді енгізуге ұмтылды. Өткен оқу тоқсанының соңында қойылған міндеттерді кешенді шешу үшін тәрбие жұмысының жоспарына өзгерістер енгізілді: мақсаттар, міндеттер мен құндылықтар қайта қарастырылды; балалармен жұмыс істеудің тиімді формалары таңдалды;

1. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі: Бағдарлама ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, мейірімділік сияқты құндылықтарды дәріптейді. Өз кезегінде мектептің педагогикалық ұжымы арасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының 6 құндылығын насихаттау және тиімді қолдану мақсатында сынып жетекшілерімен семинарлар, әдістемелік бірлестік отырыстары, түсіндіру жұмыстары өткізілді. Оқушылардың құндылықтарын дамыту мектептің оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде жүзеге асырылды. Оқушылардың белсенділігі мен қатысу деңгейін арттыру мақсатында осы оқу жылында түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды: рейдтік кезекшіліктер, мүдделі мемлекеттік органдармен кездесулер; әртүрлі ұлттық ойындар, интеллектуалдық сайыстар өткізілді; флешмобтарда, челленджер мен онлайн бейне-байқауларға қатысу қамтамасыз етілді; дебат клубының белсенді жұмысы жүргізілді.

1. Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық: Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары ашылып, мектеп пен отбасы арасындағы өзара байланысты күшейтуге бағытталған.

2. Оқушылардың кең ауқымды қатысуы: Осы кезеңде мектептің патриоттық тәрбиесіне қатысты іс-шараларға ерекше назар аударылды. әлеуметтік және медиа жобалар түзетілді; «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына кіретін жобалар бойынша жоспарлар құрылды; Оқу-тәрбие процесінде оқушылардың құндылықтарын қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс күнделікті және апталық іс-шараларды қамтыды.

Күнделікті: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» (үзілістер кезінде ұлттық ойындар); «Өнегелі 15 минут» (ата-аналармен өзекті моральдық тақырыптар бойынша әңгімелер);

«Үнемді тұтыну» (табиғатқа ұқыпты қарау бойынша түрлі ескертпелер);

«Күй күмбірі» (қоңырау кезінде күйлердің орындалуы).

Апталық:

«Менің Қазақстаным» (ҚР Әнұранын орындау);

«Аптаның дәйексөзі» (мақал-мәтелдер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың нақыл сөздері);

«Қауіпсіздік сабағы» (сынып сағаты аясында оқушылардың жеке қауіпсіздігі туралы 10 минуттық ақпарат)

Әлсіз жақтары (Weaknesses):

Оқушылардың білім беру үдерісіне толық қатысуына қол жеткізу әрдайым мүмкін бола бермейді, бұл іс-шаралардың тиімділігін төмендетуі мүмкін.

1. Педагогтардың әдістемелік дайындық деңгейі: Бағдарламаны тиімді жүзеге асыру үшін мұғалімдердің әдістемелік даярлығы мен тәжірибесі әртүрлі болуы мүмкін.
2. Материалдық-техникалық база: Кейбір білім беру ұйымдарында қажетті ресурстардың жетіспеушілігі бағдарламаның толыққанды іске асуына кедергі келтіруі мүмкін.
3. Құндылықтарды бағалаудың күрделілігі: Оқушылардың бойында қалыптасқан құндылықтарды нақты өлшеу және бағалау қиындық тудыруы мүмкін.

Мүмкіндіктер (Opportunities):

Өткізілетін іс-шаралардың тиімділігін дәлірек анықтау үшін тәрбие жұмысының нәтижелерін бақылау және бағалау жүйесін жетілдіру мүмкіндігі.

1. Цифрлық технологияларды пайдалану: Онлайн платформалар мен цифрлық ресурстар арқылы тәрбие жұмыстарын кеңейту мүмкіндігі.
2. Қоғамдық ұйымдармен серіктестік: Еріктілер қозғалыстары мен қоғамдық ұйымдармен бірлескен жобаларды жүзеге асыру арқылы оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру.
3. Мәдени мұраны насихаттау: Ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлерді дәріптеу арқылы оқушылардың рухани дамуын қамтамасыз ету.

Қауіптер (Threats):

Басқа оқу орындарымен бәсекелесу мүмкіндігі, олар да тәрбиелік шараларды өткізеді және оқушылардың назарын аудара алады.

1. Қоғамдық құндылықтардың өзгеруі: Жаһандану мен сыртқы мәдени ықпалдар ұлттық құндылықтардың әлсіреуіне әкелуі мүмкін.
2. Ата-аналардың қатысуының төмендігі: Кейбір ата-аналардың тәрбие процесіне белсенді қатыспауы бағдарламаның тиімділігін төмендетуі мүмкін.
3. Ақпараттық қауіптер: Интернет пен әлеуметтік желілердегі жағымсыз контенттер оқушылардың тәрбие процесіне кері әсер етуі мүмкін.

4. КҮНДЕЛІКТІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ТАЛДАУ

«Күй күмбірі»

Сипаттама: Қоңыраулардың орнына күйлерді пайдалану, сондай-ақ үлкен өзгерістер кезінде күйлердің дыбысы.

Мақсаты: Білім алушылардың рухани мәдениетін, эстетикалық, патриоттық рухын арттыру, елдің мәдени мұрасын сақтау.

Жасалған жұмыс туралы талдау: Күн сайын дәстүрлі қоңыраудың орнына, орталық дыбыстық құрылғының көмегімен оқушылар домбыраның дыбысын

ұнатады, бұл олардың психикасына пайдалы әсер етеді. Сонымен, сабақ соңында шертпе күй, үзіліс аяқталғаннан кейін токпе күй ойналады.

SWOT Талдау: «Күй күмбірі» жобасы

Күшті жақтары (Strengths): Күй тыңдату арқылы қазақ халқының музыкалық дәстүрлері мен ұлттық өнерін оқушыларға таныстыруға мүмкіндік беріледі. Бұл ұлттық мәдениетті сақтап, насихаттауға үлкен үлес қосады.

- Ұлттық мәдениетті насихаттау: Жоба қазақтың күй өнерін дәріптеу арқылы оқушылардың ұлттық болмысын қалыптастырады.

- Кең ауқымды қатысу: 2025 жылы 1 миллионға жуық оқушы мен педагог қатысқан челлендж жаппай қолдауға ие болды.

- Патриоттық тәрбие: Құрманғазының «Балбырауын», «Адай», «Сарыарқа» сияқты күйлерін орындау арқылы оқушылардың отансүйгіштік сезімі артады.

- Музыкалық қабілеттерді дамыту: Балалар домбыра тарту арқылы музыкалық қабілеттерін жетілдіреді.

Әлсіз жақтары (Weaknesses): Қазіргі уақытта күй музыкасы көптеген жастар арасында танымал емес, сондықтан күй тыңдауды олар түсінбеуі мүмкін. Әсіресе, қала ортасында тұратын оқушылар ұлттық музыканы көп тыңдамайды.

- Домбыра үйірмелерінің жетіспеушілігі: Кейбір мектептерде домбыра үйірмелері жоқ немесе жеткіліксіз жұмыс істейді.

- Мамандардың тапшылығы: Білікті домбыра үйретуші мамандардың жетіспеушілігі байқалады.

- Қаржылық шектеулер: Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті қаржылық ресурстардың жеткіліксіздігі мүмкін.

Мүмкіндіктер (Opportunities): «Күй күмбірі» – қазақ халқының мәдениеті мен өнерін насихаттаудың жаңа форматы ретінде көптеген мектептер мен мәдениет ошақтарында ұйымдастырылуы мүмкін.

- Цифрлық технологияларды пайдалану: Онлайн платформалар арқылы домбыра үйрену курстарын ұйымдастыру мүмкіндігі бар.

- Халықаралық деңгейде насихаттау: Жобаны халықаралық деңгейде таныстыру арқылы қазақ мәдениетін әлемге танытуға болады.

- Мәдени іс-шаралар ұйымдастыру: Күй өнерін насихаттайтын фестивальдер мен байқаулар өткізу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады.

Қауіптер (Threats): Заманауи музыка мен жастардың мәдениеті күй тындауға деген қызығушылықты төмендетуі мүмкін. Электрондық музыка мен поп-музыка жанрлары қазіргі уақытта жастар арасында өте танымал.

Мектеп әкімшілігінің сабақтарға қатысуы

Әдістеме жұмысының түрлері өз мағынасына қарай әртүрлі болып келеді:

Әдістемелік кеңес;

Әдістеме бірлестігі;

Ашық сабақтар және оның талдауы;

Пәндік онкүндіктер;

Сабақты ұйымдастыру және өткізу бойынша жеке әңгімелелер;

Мұғалімдердің курстық дайындығын ұйымдастыру және бақылау;

Педагогикалық қызметкерлердің аттестациясы .

Педагогтардың білімі мен санаты бойынша сапа көрсеткіші:

Оқу жылдары	Мұғалімдер саны	Білімі		
		Жоғары	Арнаулы орта	Магистр
2021-2022	47	40 (85%)	7 (14%)	-
2022-2023	48	43 (90%)	5 (10%)	-
2023-2024	50	45(90%)	5 (10%)	1 (2%)
2024-2025	52	45 (86,5%)	7 (13,5%)	2 (3,8%)

Оқу жылдары	Мұғалімдер саны	Санаты				
		«ПЕДАГОГ- ШЕБЕР»	«ПЕДАГОГ- ЗЕРТТЕУШІ»	«ПЕДАГОГ- САРАПШЫ»	«ПЕДАГОГ- МОДЕРАТОР»	санаты жоқ
		саны, үлесі	саны, үлесі	саны, үлесі	саны, үлесі	саны, үлесі
2022-2023	48	0	13 (27%)	8 (16%)	7 (14%)	20 (41%)
2023-2024	50	0	13 (26%)	11 (22%)	9 (18%)	17 (34%)
2024-2025	52	0	17 (33%)	10 (19%)	15 (29%)	10 (19%)

Әдістемелік қызмет

Мектептің әдістемелік стратегиясы мен тактикасын анықтау; педагогикалық мониторинг; мектептің әдістемелік қалыптасуына басшылық жасау. Оқу және әдістемелік жұмысты басқарудың басты құралы педагогикалық кеңес болып табылады. 2023-2024 оқу жылында 5 әдістемелік кеңес жоспарланды және өткізілді, кеңестердің тақырыбы оқу жылының қорытындылары бойынша мәселелері есепке ала отырып таңдалды.

Білім беру үрдісінде педагогикалық кеңес негізгі сұрақтарды шешу үшін мектепте үнемі басқарушы орган болып табылады. Әрбір педкеңесте күн тәртібінде көрсетілген сұрақтар бойынша жұмыс талдаулары оқылады, кемшіліктер айқындалады және жұмысты жақсарту үшін міндеттер анықталады, өткен педкеңес шешімдерін орындау туралы, акпараттар тыңдалады.

Оқу-әдістемелік жұмыс 4 әдістемелік жетекшілігімен өткізілді:

- Жаратылыстану пәндер бірлестігі - жетекшісі Ж. Т. Ильясова
- Бастауыш сынып бірлестігі - жетекшісі Г.К. Каиынбаева
- Эстетикалық пәндер бірлестігі- жетекшісі А. Ж. Сейлова
- Гуманитарлық пәндер бірлестігі – жетекшісі И. Н. Султанғалиева

Әрбір ӘБ мектептің әдістеме тақырыбымен тығыз байланысты өз әдістеме тақырыбымен жұмыс істеді.

Ұжым алдына қойылған міндеттер сабақты жүргізу әдістемесін жетілдіру, мұғалімнің диагностикалық құзмет негізінде оқушылардың білімін түзеті. Оқушылардың қабілеттері мен дарындарын дамыту, оқыту мотивациясын арттыру, мұғалімдерді жаңа әдістемемен және педагогикалық әдебиетпен таныстыру арқылы шешілді. Әдістеме жұмысын жоспарлаған кезде мектептің педагогикалық ұжымы мектеп алдында тұрған проблемалар мен міндеттерді шешетін жұмыс түрлерін алуға тырысты.

Педагогтардың кәсіби шеберлігін дамыту әдістеме бірлестігі қызметінің аясында іске асады:

Нормотивтік- құқықтық құжаттарға, хаттарға, бұйрықтарға шолу, олардың іске асырылуы бойынша шараларды жоспарлау.

Әдістеме жұмысын білім берудің жаңа мақсаттары мен құндылықтарына, «Білім туралы ҚР заңы мен оқытудың мемлекеттік стандарттарына сәйкес талдау жасау.

Білім стандарттарын талаптары, нұсқаулық-әдістемелік хатпен және оқу жылының ғылыми негіздерінің оқыту ерекшеліктерімен таныстыру, оқу әдістемелік қамтамасыз ету. Басты бағыт: оқушыларды МАБ, дәстүрлі емтиханға және ҰБТ дайындау.

Әдістемелік онкүндіктер: «Жаңа инновациялық технологияны пайдалану арқылы оқу

және тәрбие үрдісіндегі әдіс тәсілдерді дамыту» атты бірінғай тақырып бойынша барлық пәндер ӘБ оқы жылы ағымында әдістемелік онкүндіктерді дайындады және өткізді. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогтердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының кемінде үш жылда бір рет, кемінде 36 сағатты құрайтын біліктілігінің артуын қамтамасыз ету.

Біліктілік арттыру курсынан өтуі

№	Мұғалімнің аты-жөні	Уақыты	Курс атауы	Курс түрі
1.	Сартабанова Назгул Сандыбаевна	07.06.2024	Жаратылыстану және химия мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту	Біліктілікті арттыру курсы
2.	Жасанова Албина Жусипбековна	29.07-09.08.2024	Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	Біліктілікті арттыру курсы
3.	Сүйеуова Айгерим Муратовна	03.06 – 14.06.2024	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары	Біліктілікті арттыру курсы
4.	Қуанышбаева Айғаным Құрманбекқызы	07.10 – 18.10.2024	Дарынды балаларды оқытудағы математикалық модельдеу	Біліктілікті арттыру курсы
5	Жасанова Албина Жусипбековна	29.08-13.09.2024	Инклюзивті білім беру	Біліктілікті арттыру курсы
6	Ильясова Жаңагүл Темірханқызы	09.09 – 20.09.2024	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары	Біліктілікті арттыру курсы
7	Құнанова Дидара Берікқызы	09.09 – 20.09.2024	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары	Біліктілікті арттыру курсы
-8	Оспанова Үміт Қуанышқызы	14.10 – 24.10.2024	Информатика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	Біліктілікті арттыру курсы
9	Оспанова Үміт Қуанышқызы	02.09 – 13.09.2024	Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	Біліктілікті арттыру курсы
10	Оспанова Үміт Қуанышқызы	17.01.2024	Математика – информатика пәндеріндегі заманауи әдістер – білім беру контентін ұйымдастырудың негізі ретінде	семинар
11	Сағынбаева Салтанат Какимжановна	09.09 – 20.09.2024	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары	Біліктілікті арттыру курсы
12	Ильясова Жаңагүл Темірханқызы	03.02.-14.02.2025	Математиканы оқыту: қазіргі тенденциялар мен әдістемелер	Біліктілікті арттыру курсы
13	Сағынбаева Салтанат Какимжановна	11.03.-20.03.2025	Математиканы оқыту: қазіргі тенденциялар мен әдістемелер	Біліктілікті арттыру курсы
14	Құлшымбаева Құралай Берікбайқызы	07.04.-18.04.2025	Биология сабақтарында ғылыми – жаратылыстану сауаттылығын дамыту	Біліктілікті арттыру курсы
15	Тулегенова Гүлбакыт	14.04.-25.04.2025	Информатика оқу пәні бойынша жобалық іс - әрекет	Біліктілікті арттыру курсы

	Бұнықтовна				
16	Қайназар Ж	09.09. – 20.09.2024ж.	«Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары»	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	80 с
17	Қайназар Ж	07.04 – 18.04.2025ж.	«Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру»	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	80 с
18	Жаналы Е.Ж	09.09- 20.09.2024	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары	Біліктілікті арттыру курсы	8

2024-2025 оқу жылының жұмысында төмендегідей кемшіліктерді белгілеуге болады:

1) оқушылардың пән олимпиада, ғылыми жоба байқауларында жетістігінің төмендігі;

2) педагогтардың өз тәжірибесін тарату деңгейінің төмендігі;

3) жоғары оқу орындармен, ғылыми әдістемелік орталықтармен, зияткерлік мектептермен байланыстың төмен деңгейі;

2024-2025 оқу жылындағы мектептің әдістемелік жұмысын талдауында көрсетілген проблемаларды ескере отырып, 2025-2026 оқу жылына төмендегідей міндеттер қойылды.

Міндеттер:

1. Мұғалімдердің кәсіптік деңгейін көтеру жұмыстарын ары қарай жалғастыру:

-педагог кадрларды білімін жетілдіру курстарына жіберу;

-ашық сабақтар, семинарлар, семинар-тренингтер ұйымдастырып өткізу;

-әдістемелік көмек көрсету, тәжірибе алмасу жұмысты күшейту;

-шығармашылық топ жұмысын жандандыру, мектеп тренерлерін оқыту.

2. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтап қорыту, тарату:

-мұғалімдерден инновациялық шығармашылық тұрғыда ойлауды, алға қойған міндеттерді өз бетінше шеше алуды талап ету;

-ақпараттық әдістемелік құралдарды толықтыру;

-қала, облыс, республика көлемінде тәжірибе алмасу семинарларын өткізу;

-педагогтардың инновациялық жұмысын жүйелі, жоспарлы түрде, жетістікке бағыттап жүргізу

-білім беруді ғылымиландыру жұмыстарын жолға қою.

3. Жас мамандарға көмекті жүйелі түрде ұйымдастыру, жұмысын жандандыру.

4. Дарынды балалармен нәтижеге бағытталған мақсатты жұмысты күшейту:

-қала, облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларға қатысып жүлделі I, II орындарға ие болу;

-қала, облыстық ғылыми жоба байқауларына қатысып, жүлделі орындарға ие болу;

5. Үлгерімі төмен оқушылармен жүйелі жұмысты ары қарай жалғастыру.

6. «Lesson stady» сабақты зерттеу, «STEM» технологияларын енгізіп барлық пән мұғалімдерін топтастырып, жұмыс жасау. Мұғалімдердің сабақ барысында әдіс тәсілдері қолдануы мен сабақты нәтижеге сай өткізуін қадағалау.

7. Біртұтас жүйелі мониторингтер мен рейтинг арқылы салыстырмалы нәтижелерді талдап, нәтижеге байланысты іс-шаралар ұйымдастырып, мақсатты жұмыстарды күшейту.

8. Мұғалімдердің авторлық бағдарламалар жазуын қолдау ұсынылады.

Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер ұсынылған. Мектеп 300 орындық, 2 қабатты типтік жобада салынған, мектеп ғимараты 2019 жылының қыркүйегінде іске қосылған. Материалдық-қаржылық активтері бар,

мемлекеттік меншік, жедел басқару құқығында. Үй-жайларда тұру үшін жағдай жасалған. 22 кабинеті, 2 зертхана, 1 мәжіліс зал, 1 спорт залмен қамтамасыз етілген, әлеуметтік-тұрмыстық, оның ішінде өткізу пункттері, санитариялық тораптар (унитаздар-17, қол жуғыштар-16) бейнебақылау (19) бар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалған, кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен, баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықталған, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояған. Ғимараттың жалпы ауданы 7866,5 ш.м. жалпы жұмыс ауданы 4315,1 ш.м. пән кабинеттері 12, физика, химия, биология пәндері бойынша 1 зертхана мен пән кабинеттерінде оқу-зертхана жабдықтары алынған. 2 информатика кабинеті, жиһаз, жеке пайдалануға арналған шкафтар, бейне камералар бар. Кітапхана 48,9 ш.м. орналасқан. Интернет жылдамдығы 10 Мб/с. Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер берілген. Кітап қоры – 13524 дана, оқу пәні бойынша кітап саны 12517, білім алушы саны 404, оқу әдебиеті 1007, оқу-әдістемелік, көркем, ғылыми әдебиеттер болып қамтамасыз етілген. Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер бойынша біліктілік талабына сәйкес келеді.

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі (52,1 %) Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі (47,9%) 1.2 бөлімі бойынша бағасы zhaqsy. Интернет желісіне қосылу 1.5 бөлімі бойынша бағасы zhaqsy.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» № 293-VI ҚРЗ.7-бап, 1-тармағы, 3,12)-тармақшасының талабына, «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығы мен бекітілген 1-бөлім 6 тармағы, «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» сәйкес келеді.

3.Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылында жылына 9930,5 сағат апталық жүктеме берілген. Жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкестігі сақталған. Оқу жылын зерделеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 26 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 32,5 сағаттан, 8-сыныпта–32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан жалпы орта білім беруде 35 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы

	орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 28-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 40-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 30-тармаққа сәйкес келеді.
2)	Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы; Талдау нәтижелері: Материалдары зерделеу барысында 2024-2025 оқу жылы бойынша жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Сынып журналдарын, жұмыс оқу жоспарын және сабақ кестесін қарау барысында пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталғандығы анықталды. Білім беру ұйымы таңдаған үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған. 2024-2025 оқу жылы бойынша 1-сыныпта – апталық 59,5 сағат, жылдық 2082,5 сағат, 2-сыныпта – апталық 72 сағат, жылдық 2592 сағат, 3-сыныпта – апталық 78 сағат, жылдық 2808 сағат, 4-сыныпта – апталық 79 сағат, жылдық 2844 сағат берілген. 5-сыныпта – апталық 115 сағат, жылдық 4140 сағат, 6-сыныпта – апталық 86,5 сағат, жылдық 3114 сағат, 7-сыныпта – апталық 97,5 сағат, жылдық 3510 сағат, 8-сыныпта – апталық 98,5 сағат, жылдық 3546 сағат, 9-сыныпта – апталық 69 сағат, жылдық 2484сағат, сонымен қатар сыныптардағы оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. 10-11-сыныпта – апталық 70 сағат, жылдық 2520 сағатты құрайды. Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған. ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 29-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 41,42-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 31,32-тармаққа сәйкес келеді.
	білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі); Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп жаратылыстану-математикалық бағыт таңдалып жүргізілген. Жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып бекітілген. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалған. 2024-2025 оқу жылында жалпы орта білім беруде 1 сынып жинақталып 70 сағат апталық жүктеме берілген, апталық жүктеме үлгілік оқу жоспарға сәйкес бағыттар бойынша беріліп, бекітілген. Білім алушылардың жеке мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың қалауынша өздеріне таңдауға мүмкіндік беріп, жаратылыстану-математикалық бағыт таңдалған. Білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 4-қосымша 2-тарау 13,14,24-25, 28-тармақтарына сәйкес келеді.
6)	ҰОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру; Талдау нәтижелері: Оқу жұмыс жоспарында берілген вариативтік компонент пәндерінің

	орындалуына талдау жұмыстарын жүргізу үшін электронды сынып журналдары зерделенді. Мектептің жұмыс оқу жоспары 2024-2025 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Вариативтік компонент пәндері оқу бағдарламаларын базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген. Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген. 2024-2025 оқу жылында вариативтік компонент пәндері «bilimclass» электрондық журналының негізгі кестесі немесе ҚББ бөлімінің кестесіне салынған. 2022-2023 оқу жылында 1-4 кластарда белсенді қозғалмалы сипаттағы вариативтік компонентіне апталық жүктемесі 1 сағ «Математика және логика», 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектесу бағытында мектептің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен 5-8 кластарда апталық жүктемесі 0,5 сағаттан, ал 9 -11 кластарда апталық жүктемесі 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы жүргізілген. 10-11 сыныпта вариативтік компоненттен апталық жүктемесі 1 сағаттан «Абайтану», «Эссе –шығармашылық ойдың жемісі», «Күрделілігі жоғары физика есептерін шығару» элективті курстары жүргізілген. ҚОРЫТЫНДЫ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 6,7-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 18,19-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 15,18-тармаққа сәйкес келеді.
3)	Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау. Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда білім алушылар саны 25 және одан артық болғанда жүргізілген. Сыныптарды топқа бөлу барысында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері есепке алынған.. 3 а кластарында бастауыш білім беру деңгейінде орыс тілі, шетел тілі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/цифрлық сауаттылық, Сыныпты топқа бөліп оқытуға байланысты өзгерістер оқу жылдарында жүргізілген. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр балаға барлық білім алушылар санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылған. ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 42,43-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 57, 58-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 50, 51,51-1-тармаққа сәйкес келеді.
4.	ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру; Талдау нәтижелері: Оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту ұйымдастырылған. 2024-2025 оқу жылында 1 «а» сыныбында 02,12..2024ж бастап, 101.09.2024 ж бастап 2 класта 1 оқушы үйден оқытылды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыға оқыту ұйымдастырылған. Үйден оқытылған оқушыға ПМПК және ДКК

қорытындысы мен ұсыныстарын ескеріле отырып оқу үдерісін ұйымдастыру туралы мектепшілік бұйрықтар шығарылған, сабақ беретін пән мұғалімдерінің сабақ кестесі бекітілген. ҚР 2022 ж 12 қаңтардағы №6 бұйрығына қосымшасында көрсетілген «Білім беру ұйымдарында психологиялық- педагогикалық қолдап отыру» тәртібіне сәйкес оқыту әдістерін қолдану формасы немесе әдісі білім алушының жеке ерекшеліктерін (тапсырмалардың көлемін, санын азайту, тапсырмаларды орындау уақытын қысқарту немесе ұлғайту, оқу тапсырмаларын жеңілдету, қысқа және қадамдық нұсқауларды қолдану, тапсырмаларды дауыстап айту, тапсырма үлгілерін, кестелерді, анықтамалық материалдарды және т.б. ұсыну) ескере отырып жасалған. Білім алушының білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жұмыс оқу жоспары 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 55-қосымшасына сәйкес жасалған. 2024-2025 оқу жылында сынып журналы электронды порталында жүргізілген. Журналдарда пәндер бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес толтырылған. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жылдық жоспары жасалып, бекітілген. Мектепте психолог, әлеуметтік педагогтар жұмыс жасайды. Білім алушының білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 1-тарау 4-тармақ, 4-тарау 45-тармақ, 3-қосымша 4-тарау 61-тармақ, 4-қосымша 4-тарау 55-тармаққа сәйкес келеді.

- 1) **Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын өлшемшарттар:**
ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер).
Талдау нәтижелері:
Оқу жылындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім беру салалары бойынша оқу пәндерінен білім алушылардың дайындық деңгейі «Күнделік» электрондық журналынан ақпараттық жүйемен зерделенді. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілген. Бастауыш сыныптарда "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру", негізгі орта білім беруде "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" білім беру саласына бірнеше мәндес оқу пәндері біріктірілген. Жалпы орта білім беруде жаратылыстану-математикалық бағытта бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер айқындалған. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында әрбір пәннен мұғалім білім алушылардың білімдерін жүйелі тексерген, ағымдық бақылау жүргізген. Білім алушылардың бір оқу пәнін оқып аяқтағаннан кейін оның бөлігі көлемінің мазмұнын меңгеру сапасы бағаланып аралық бақылау жасалған. Білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім беру мазмұнының көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында қорытынды бақылау өткізілген. Аралық және қорытынды аттестаттау жұмыстары хаттамамен рәсімделген. Оқушылармен теориялық сабақтармен қатар практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізілген, бақылау жұмыстары атқарылған,

сынып журналдарында көрсетілген. Практикалық және зертханалық, бақылау жұмыстары оқу пәніне байланысты орындалып, білім мазмұны игерілген. 2024-2025 оқу жылында 498 оқушы бойынша оқыту үрдісінің нәтижесі бағаланған. Білім сапасы қазіргі уақытта білім сапасы-60,0% құрайды. Бақылау барысында білім алушылар оқу бағдарламасын меңгергендігі анықталып, білім алушылардың оқу жетістігінің деңгейі бағаланған. 2024-2025 оқу жылы бойынша талдау жүргізілген оқу кезеңінде оқу жылын аяқтау іс-шара жоспары жасалынған. Емтихан кестесі жасалып, бекітілген. Пән бірлестік отырыстарында емтихан материалдары қаралып, бекітуге ұсынылған. Барлық пәндер бойынша емтихан материалдары жинақталған. 9, 11-сыныптар бойынша да емтихан кестесі жасалып, бекітілген. Емтихан күндерінің арақашықтығы сақталған. Барлық емтихандар аралығы екі күннен кем емес. Білім беру ұйымында білім алушылар арасында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу кестеге сәйкес мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп өткізілген. 2024-2025 оқу жылын аяқтау және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімінде жүргізілген. Емтихан оқу бағдарламасына сай жүргізілген. Аттестаттау жұмыстары хаттамамен рәсімделген. Аттесттау барысында білім алушылардың бағдарламаны игергендігі анықталған. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында (5-8,10-сыныптарға) жылдық жиынтық бағалау жасалған және оқу жылының қорытындысы бойынша сыныптан-сыныпқа көшірілген. 9,11 сынып білім алушыларына аттестаттаудың қорытындысы бойынша негізгі орта және жалпы білім туралы аттестат берілген. Бақылау барысында білім алушылар оқу бағдарламасын меңгергендігі анықталып, білім алушылардың оқу жетістігінің деңгейі бағаланған. Білім алушылардың дайындық деңгейі талаптарға сәйкес жасалған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 32-38-тармақ, 3-қосымша 4-тарау 47-56-тармақ, 4-қосымша 4-тарау 36-49-тармаққа сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылдарындағы сынып журналдарындағы бағалау kundelik.kz ақпараттық жүйесімен зерделенді. Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. Сонымен қатар, оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындыларын шығару жұмыстары жүргізілгендігі анықталды. Білім алушылар бағалануы сынып журналына қойылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылған. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. ТЖБ өткізу жоспары мен кестелері жасалған.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарына сәйкес.

Мұғалімдердің бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын жүргізу жоспарларын және мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «bilimclass» электронды журналы арқылы тексерілді.

2-11-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Оқушылар қозғалысы бойынша (ауысқан) бағалау түсірілген. Қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау бойынша балдар қойылған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген. Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына екі реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, өзге апталық жүктемесі бар пәннен тоқсанына үш реттен артық өткізілмеген. Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылған. БЖБ балдары №125 бұйрықтың 3 тарау, 14-2 тармағы «БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек» сақталған, бағалау балы максималды балына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығына 14-тармақтың 14-2 тармақшасының талабына сәйкес келеді.

- 3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

Талдау нәтижелері: Білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, барлық білім алушыларға сапалы білім алуына, әлеуметтік бейімделуге және өз қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік берілген.

Оқу процесін тұлғаның жеке ерекшеліктерін есепке алу негізінде ұйымдастырып, білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз еткен. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезеңінде есепке алынып, қорытындыланған, білім беру процесінің барлық кезеңдерінде іске асырылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылармен мектеп психологтары –Кожабоева Гүлназ Жаксылыковна, Уринбаева Айгуль Жанбирбаевна, әлеуметтік педагог – Алдиярова Гүлжанат Капаровна, дефектолог-логопед А.А.Тағаберген жұмыс жасаған, диплом бойынша мамандықтары сәйкес келеді. Әр маманның 2024-2025 оқу жылдарына құрылып, бекітілген жұмыс жоспарлары бар. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға психология-педагогикалық қолдау бұйрығы шығарылған, жоспары жасалған. Танымдық қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктері есепке алынған. Білім алушының оқу процесінде көрінетін жетістіктері мен қиындықтарына сүйене отырып, түзету шараларын жүргізген. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу процесін іске асыруда қарым-қатынас орнатылған. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар педагогпен бірге өз қызметтерінің кері байланысын жүзеге асырған.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде дамудың

	бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары жүргізіліп инклюзивті білім беру талаптарын сақтау шаралары атқарылған. Пандус, тактильді тактайшалар, арнайы дәретхана, шақыру нүктесі сияқты ерекше білім беру білім алушылар мен мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға жағдай жасалған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 45-тармаққа 3-қосымша 4-тарау 61-тармақ, 4-қосымша 4-тарау 55-тармаққа сәйкес келеді.
5.	Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.
1)	Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау; Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Педагогикалық кеңесте қаралған. Мектеп директорының бұйрығымен 1- сыныпқа қабылдау, 10- сыныпқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, оқушылар жинақталған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары бар, жинақталған. 2024-2025 оқу жылының басында 494 оқушы. Қазіргі таңда 498 оқушы. Мектептен құқыққа қарсы әрекет еткені жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған, оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымының аумағында тұратын барлық балалар қабылданған, сынып жинағы қалыптастырылған. Бастауыш білім берудің деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл, Негізгі орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл, Жалпы орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл. ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 5-тарау 46,47- тармақ, 3-қосымша 5-тарау 62,63- тармақ, 4-қосымша 5-тарау 56,57- тармаққа сәйкес келеді.

Кемшіліктер мен ескертулер:

1. мектепалды даярлық сыныбындағы педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдауды қажет етеді.
2. оқушылардың пән олимпиада, ғылыми жоба байқауларында жетістігінің төмендігі;
3. педагогтардың өз тәжірибесін тарату деңгейінің төмендігі;
4. жоғары оқу орындармен, ғылыми әдістемелік орталықтармен, зияткерлік мектептермен байланыстың төмен деңгейі;

Өзін-өзі бағалау комиссиясының 2025 жылғы 20 маусымдағы хаттаманың шешімі:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымының қорытынды бағасы:

- «zhaqsy» - 4

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымының қорытынды бағасы:

- «zhaqsy» - 4

Комиссия төрағасы:



Бегжанов Орынбасар Избасарович

(толық аты - жөні)

Комиссия мүшелері:

Аблаева Анаргүл Базарбаевна

(толық аты - жөні)

Жұбаниязова Іңкәр Мерекеқызы

(толық аты - жөні)

Жетруова Гүлжан Күсмановна

(толық аты - жөні)

Карагулова Зейнет Жаксылыковна

(толық аты - жөні)